



Астана қаласының әуежайының ұшу-қону алаңының техникалық жай-күйін айқындау жөнінде комиссия құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1998 жылғы 7 желтоқсан N 238

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары А.С.Павловта өткен мәжілістің 1998 жылғы 26 қарашадағы N 20-27/7-316 хаттамасына сәйкес:

1. Мына құрамда комиссия құрылсын:

Шардарбеков - Қазақстан Республикасының
Шәріпбек Энергетика, индустрия және сауда
Шардарбекұлы министрлігі Тұрғын үй және құрылыс
саясаты жөніндегі комитетінің
төрағасы, төраға

Галимов Фарит - Астана қаласы әкімінің бірінші
Хабибрахманович орынбасары, төрағаның орынбасары

Тоқтаров Жомарт - Астана қаласы әуежайының
Баталғалиұлы директоры

Райысов Амангелді - "Қазаэрожобалаудың" директоры
Райысұлы

Шерстюк Иван - Мемлекеттік авиарегистрдің
Григорьевич әуежайларды сертификаттау
бөлімінің бастығы

Рацен Зедон - "ҚазжолҒЗИ" АҚ-ның директоры
Эдуардович

2. Комиссия Астана қаласы әуежайының ұшу-қону алаңының техникалық

жай-күйін, жұмыстардың және оны табылған ақаулар бойынша қалпына келтіру үшін шығынның көлемін айқындасын.

3. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі комиссияның техникалық жұмыстарына ақы төлеуді қамтамасыз етсін.

4. Комиссия жұмысының нәтижелері туралы 1998 жылдың 9 желтоқсанына дейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне баяндасын.

Премьер-Министр

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Икебаева А.